

Семей Мемлекеттік Медицина Университеті  
Наркология және психиатрия кафедрасы

СРС

---

Тақырып : Тематикалық аурулардан анамнез жинау ерекшеліктері

Орындаған : Куанышева Асия  
538 топ ЖМ  
Тексерген : Байжуманова Р.М.

Семей 2018

# Жоспар

## I. Кіріспе

### 1. Сұрастыру және оның маңыздылығы

---

## II. Негізгі бөлім

1. Психикалық бұзылыстары бар науқастармен сұрастыру жүргізудегі ережелер

2. Сұрастыру мақсаты мен ескертпелері

3. Сұрастыру түрлері

## III. Қорытынды

**Психиатрияда науқастыру сұрастыру тексерудің негізі болып табылады. Көп психикалық бұзылыстардың белгілерін пациенттің шағымдарынан табуға болады ( психикалық автоматизм, сандырақ, жабысқақ ойлар, деперсонализация, дереализация). Кейбір белгілерді науқасқа қарап , оның іс – әрекетінен тануға болады.**

**Психикалық бұзылыстары бар науқастармен сұрастыру жүргізу кезіндегі негізгі ережелер :**

- \* Егер пациент қозған немесе есі бұзылған болса, есі қалпына келген кезде, тыныштық күйде сұрастыруды жалғастыру қажет.
- 



**\* Психотикалық бұзылыстары бар науқаспен әңгімелесу алдында, оның жалпы жағдайын туыстарынан немесе қоршаған ортасынан білу қажет. Егер науқас психотикалық емес бұзылыстармен ауырса, науқаспен сенімді қарым қатынас орнату үшін өзімен сөйлескен жөн.**

\* Пациентпен міндетті түрде өз ойын толық жеткізе алатында қарым-қатынас орнату қажет, бірақ әңгіме барысын дәрігер басқару керек.

---

\* Дәрігер міндетті түрде дистанция сақтау қажет, фамильярностьқа жол бермеу керек!

\* Дәрігер өзінің қандай саладан екенің жасырмау керек

---

## **Сұрастыру мақсаты:**

- пациенттің қоршаған ортаны қалай қабылдайтының білу қажет
  - уақыт пен өзі отырған жерді біле ма?
  - өмірінің маңызды сәттері есінде қалғаны жайлы мәлімет

## Ескерту !

- Егер пациент өзі өзінің психикалық уайымдары жайлы айтпаса, онда сол туралы айтуға бағытталған сұрақтар қою қажет. Мысалы , сандырақ , дауыстар естілуі, галлюцинациялар және т.б.
- Әр науқаспен әңгімелесу барсында суицидтік ойлары өмірінде болды ма, болса қашан, не себептен екенін сұрау қажет.
- Пациентті сұрастыру жеке , туыстарының қатысуынсыз өту қажет.



# Психиатриялық анамнез

---



Субъективті  
анамнез



Объективті  
анамнез

Субъективті сұрастыру – науқастың өзінен мәлімет жинау. Науқастан ауру тарихынан : «аурудың алғашқы белгілерін, қандай көріністермен басталғаның, оның ұзақтығы, ұстама кезінде агрессиялық немесе уайым түрінде ма, өзіне өзі қал жұмсау сезімі, сандырақ, елестеулер болды ма» осының бәрін анықтаймыз.

Өмір тарихынан : « қандай отбасыда өскен, ата –анасы кім , сабағын қалай оқыды, бала және жасөспірім кезінде қандай болған, өзінің және жақындарының зиянды әдеттері, тұқым қуалаушылық аурулары, өзін өзі бағалауын» анықтаймыз .

**Объективті анамнез жинау** – науқас жайла мәліметтер жақындарынан, туыстарынан немесе науқасты жақсы танитын адамдардан алынады. Объективті анамнезді жинау барысында да, тұқым қуалаушылық жөніндегі мағлұмат алыс туыстарының арасында ерекше, айрықша мінез- құлықты психикалық аурулардың бар жоқтығы мұқият анықталады. Аурудың балалық және жасөспірімдік кезіндегі дене және психика жағынан даму ерекшеліктері , оның мінез құлғының сипаты, тұрмыс пен еңбек жағдайының егжей-тегжейлі анықталады. Аурудың басталуына оның алғашқы белгілеріне науқастың мінез – құлқының өзгеруіне , қызығушылығының өзгеруіне, ерекше әдеттер пайда болуына , аурудың өз дертіне көзқарасына айрықша назар аударылады.

## Науқасты объективті зерттеу :

### 1. Соматикалық статус :

---

-Дене бітімі, температурасы, АҚ, ТАЖ, пульс, шеткі лимфа түйіндері, көрінетін шырышты қабаттары, ас қорыту, тыныс алу, зәр шығару, жүрек – қантамыр жүйесін бағалау қортындылары жазылады.

### 2. Неврологиялық статус:

Алынған травмалар, ауру сезімі бар-жоқтығы, рефлекстері, бұлшық ет күші, регидтілігі, экстрапирамидальдық және 12 жұп нерв бағаналары жазылады.

### 3. Психологиялық статус:

-Зейінді зерттеу – біркелкі бейнелері бар кестелер арқылы жүргізіледі.

Бұл әдіс назар белсенділігін, алаңсыз ойлау реакциясын тексеруге қолданылады. Мысалы : қолдың қатысуынсыз кезекпен түсі бірдей суреттерді санау.

- Есті зерттеу – тексерілушіге 10 секунд ішінде кестедегі фигураларды көрсетіп, оларды есінде сақтау жүргізіледі. Қалыпты жағдайда 5-6 фигура есте сақталады. Бұл әдіс арқылы көру есінің ерекшелігі анықталады.

- Ассоциацияны зерттеу – ассоциативті тәжірибенің класикалық нұсқасының алдында инструкция жасалынып, ол бойынша науқас айқын сөзге өзінің ойына кез келген бір сөзбен жауап беруі керек.

-Ойлау процесстерін зерттеу – көрсетілген суреттен науқас түсінгенің айтады.

- 
- Сана мен интеллект зерттеледі
  - Қызығушылықтары зерттеледі

Қорытынды:

Психикалық бұзылыстары бар науқастармен әңгіме жүргізіп,  
анамнез жинау барысында аса сабырлық сақтау керек,

---

сонымен қатар науқастың эмоциясын бағалап отыру жөн.

Науқас жауап бергісі келмеген сұрақтарға, айналшықтап  
сұрақ қойып, оның іс – әректінен агрессия шақырып алмауға  
тырысу керек!

Қолданылған әдебиет:

---

1. «Психиатрия» М.В. Коркина
2. «Психиатрия» М.Н. Жарикова
3. Журнал « Психиатрия и психофармакотерапия» 2010 жыл
4. «KazMedic» сайты